

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығатын

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№30 (7867)
Жұма
29 шілде
2022 жыл

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Азық-түлік бағасының өсу инфляциясының деңгейі 19,2%-ға жетті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын осындай елге сын болатындай мәлімдемесімен бастады.

Қысқа мерзімдегі мұндай инфляцияның көрсеткіші біздің елдің тарихында болмағаны баршаға аян. Инфляцияны ескі едіспен тоқтату, ел дамуына сөзсіз кедергі келтіреді. Президент айтқандай, біз әлі де проблемалардың себептерімен емес,

отырысында Президент жастарды жұмыспен қамтуға баса назар аудару қажеттігін айтты. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жастар шығады екен. Бірақ, жасалып жатқан жұмыстарға қарамастан, жұмыссыздық мәселесі толық шешім таппай келетінін де сынады. Мәселен, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі еліміздегі орташа көрсеткіштен жоғары. Бұл түйткілдің түйінін тарқатуды Президент Үкімет пен облыс әкімдеріне

Сын мен тапсырмалар көңілден шықты

салдарымен күресіп келеміз.

Халыққа күнделікті ең қажетті тауарлар мен тағамдар бағаларының күн сайын өсуі өнім жеткізуші мен өнім таратушы кәсіпкерлердің ортасында бағаны қолдан жасанды көтеріп жүрген делдалдар кесірінен екені баршаға аян. Сол себепті осы кеңейтілген отырыстан кейін халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және басқа да сауда салалары бақылауға алынып, тазартулар жүргізілсе, халықтың да еңсесі біраз көтеріліп қалар еді. Үкіметке және жалпы билікке сенімі артар еді.

Қоғамның қозғаушы күші – жастар. Олай болса, елдің дамуы мен келешегі, өсіп-өркендеуі тікелей бүгінгі ұрпақтың жауапкершілігінде. Ал, оларды тұрақты жұмыспен қамтуды, әлбетте, мемлекет үйлестіруге тиіс. Үкіметтің кеңейтілген

тапсырды.

Елдегі демографиялық өсімнің артуы екі мыңыншы жылдары байқалған. Осыған байланысты сол кезеңде дүниеге келген ұрпақтың еңбек нарығына шығатынын да ескеру керектігін шегеледі. Расымен, өзінмен қатарлас азаматтардың еңбек нарығына ерте араласқанын білемін. Мемлекет басшысы жұмыспен қамту ісіне тың тәсілдер қолдану қажеттігін де ескертті. Жалпы, Президенттің жастар мәселесіне байланысты айтқан орынды сыны мен тапсырмалары көңілден шықты. Біздегі жұмыссыздық деңгейі 4,9% болса, алдағы уақытта бұл көрсеткішті азайту үшін нақты жұмыстар жасалды деп сенемін.

М.Рымхан,
Аудан әкімдігі ұйымдастыру бөлімінің маманы.

Нақты міндеттер жүктеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз сөйлеп, өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып жатқанын айта келе, жедел түрде қолға алынуы тиіс нақты міндеттерге тоқталып өтті.

Үкіметке және Ұлттық Банкке инфляцияны тез арада тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру мәселелері бойынша тапсырмалар берді. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашу қажеттілігіне де баса назар аударды. Ел Президенті елдегі қымбатшылықты және қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүргізіліп жатқандығын қатаң сынға алды.

Азаматтардың табысын арттыру және адам капиталын дамыту бойынша да ойларын ортаға сала келе, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізіліп, жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуды міндеттеді. Сондай-ақ, жастар арасындағы жұмыссыздықтың көбейіп тұрғанына да ренішін білдірді. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға, суицидтің алдын алуға, әрбір баланың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған кешенді жоспарды әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысының тағы бір тоқталып өткені, ана мен бала денсаулығын сақтау мәселесіне байланысты да шұғыл әрі тиімді шаралар қабылдау қажеттілігін атап өтті.

Отырыс барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен өңірлер әкімдерінің назарын халықты алаңдатқан бірқатар өзекті мәселені шешу қажеттілігіне аударды. Президент инфляцияны және азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру және адами капиталды дамыту, ақша-несие және салықтық-бюджет саясатын жетілдіру, экономиканың нақты секторына қолдау көрсету, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автожол инфрақұрылымын дамыту сияқты мәселелер бойынша нақты міндеттер жүктеді.

С.Әубәкіров,
ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы.

«AMANAT» партиясының Ақтоғай аудандық филиалы жанынан құрылған «Жастарды қолдау, Аумақтық даму мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес» отырыстары өткізілді. Қоғамдық кеңеске аудандық мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов, кеңес төрағалары, кеңес мүшелері қатысты.



Жастарды қолдау – тұрақтылық пен орнықты дамудың негізі

Жиынның күн тәртібінде Ақтоғай ауданы бойынша су құбыры желілерінің құрылысы туралы, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында аудан көлемінде атқарылған жұмыстар, «Жасыл ел» еңбек жасақтары бағдарламасының орындалысы туралы мәселелер қаралды. Сондай-ақ, жастарға жеке ісін ашуға және бизнесті жүргізуге кредит алуға жәрдемдесу бойынша атқарылған жұмыстар сөз болды.

Күн тәртібіндегі «Жасыл ел» еңбек

пайдалану мақсатында «Жасыл ел» еңбек жасақтары бағдарламасы жүйелі түрде жыл сайын жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында былтырғы жылы 50 жас маусымдық жұмыспен қамтылса, биылғы жылы жергілікті бюджет есебінен 90 сарбазға 8 млн. 970 мың теңге бөлінді, – дейді Ш.Елеген.

Сонымен қатар, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы



жасақтары бағдарламасы шеңберінде атқарылған жұмыстар мен жастарға жеке ісін ашуға және бизнесті жүргізуге кредит алуға жәрдемдесу бойынша ауданның жастар ресурстық орталығының директоры Ш.Елеген ақпар берді.

Жалпы аудан көлемінде 14-29 жас аралығында 2975 жастар бар. Орталық директорының ақпарына сүйенсек, 2014 жылдан бастап кәсіпкерлікті қолдауға арналған аудан әкімінің гранты тұрақты түрде беріліп келеді. Осы уақытқа дейін 86 жас 29 млн. теңге көлемінде грант иегері атанған екен.

– Биылғы жылы жергілікті бюджеттен 8 млн. теңге аудан әкімінің гранты бөлініп, 11 жас кәсіпкерге грант берілді. Олар кірпіш өндірісін ашу, қоғамдық монша, шағын кондитерлік цех, ұлттық нақыштағы киімдер тігу қызметін дамыту мүмкіндігін кеңейту үшін берілді. Жастардың жазғы демалыстарын тиімді

П.Темірбек баяндама жасады. Бағдарлама іске асырылған 10 жылдан астам уақыт ішінде аудан бойынша 300-ден астам жас маман тұрақты жұмыспен қамтылған. 2021 жылы 35 маманға 10209,5 мың теңге көтерме жәрдемақы, 11 маманға тұрғын үй сатып алуға 44167 мың теңге бюджеттік несиелер берілген. Ал, үстіміздегі жылы жалпы 25 маманға 7657 мың теңге көтерме жәрдемақы, 15 маманға 68918 мың теңге бюджеттік несиелер жоспарланған. Сала басшысының айтуынша, 2022 жылдың 6 айында 12 маманға 3675,6 мың теңге көтерме жәрдемақы төленген. 11 маманға тұрғын үй сатып алуға 45945,0 мың теңге бюджеттік несиелер берілген.

Күн тәртібіндегі мәселелер қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан жаңа жақты талқыланып, тиісті ұсыныстар беріліп, қаулы қабылданды.

Думан ҚАБЫЛ.

Азық-түлік көлемі жеткілікті

Елімізде күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы қымбаттап, өсімдік майы, қант, жұмыртқаның бағасы шарықтап кеткені баршаға аян. Тапқан-таянғанын тамаққа жеткізіп, жан бағып жүрген жандардың көңілінде «баға әліде көтерілме?» деген алаң бар екені жасырын емес. Күні кеше сауда және интеграция министрі Б.Сұлтанов Орталық коммуникациялар қызметі алаңында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысы туралы сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жыл соңына дейін Үкімет отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерін ірі сауда желілеріне өткізуді қолдауға бағытталған заңнамалық бастамалар ұсынылатынын атап өткен болатын. Сондай-ақ, сөрелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, үстемеақылар шегін реттеу және делдалдар санын азайту жөніндегі шаралар қабылданбақ. «Qdata» сауда бойынша аналитикалық платформасы ішкі сауданың жай-күйін, инфрақұрылым жүктемесін, импорт/экспорт динамикасын, тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруіне талдау және мониторинг жасап, мемлекеттік органдарды сапалы аналитикамен қамтамасыз етіп отырады. Сондай-ақ, бизнес үшін әділ бәсекелестікті қалыптастырады. Ал тұтынушыға қолжетімді бағамен сапалы тауарларды сатып алуына мүмкіндік туады, – деді Сауда министрі.

Осы орайда ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысы Сайлау Әубәкіровке жолығып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын төмендету және ұстап тұру мақсатында аудан көлемінде нәнді шаралар атқарылып жатқаны жөнінде сұрап білген едік.

С.Әубәкіров: – Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) бағаларының мониторингі бойынша аудан көлемінде тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді. Жалпы өңірімізде азық-түлік тауарларын сататын 91 дүкен жұмыс жасайды. Оның ішінде аудан орталығы, Ақтоғай ауылында – 29, Шауубай кентінде – 9, Сарышаған кентінде – 21 және ауылдық округтерде 32 дүкен бар.

Аудан орталығына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жергілікті кәсіпкерлер Қарағанды қаласынан жеткізсе және жартылай фабрикаттар, сүт өнімдерін аптасына бір рет кәсіпорындар өздері жеткізіп



береді. Бүгінгі күнге дүкендерде азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті.

Бағаны тұрақтандыру мақсатында жаңа тәсілдер әзірленуі қажет. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың сатып алу көлемін ұлғайтумен үш бағыт бойынша тауарлар бөлінісінде азық-түлік сатып алу ұсынылады. Ол облыстық тұрақтандыру қоры арқылы, «Айналым схемасы» шеңберінде және үн, нан және рожки өндірісін арзандату

«Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет».

(ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкімет отырысында сөйлеген сөзінен).

үшін бидайды «Азық-түлік келісім корпорациясы» арқылы сатып алу.

Жалпы, жыл басынан облыстық тұрақтандыру қорынан төмендегі кестеге сәйкес 6 тонна қант, 900 литр сұйық май алынып, аудан халқына

шаралар шеңберінде «Айналым схемасы» тетігін іске асыру үшін көкөніс өнімдерін жеткізуге жеке кәсіпкер («Метжанова») Метжанова Тансықтың кандидатурасы ұсынылып, қаралу үстінде.

Ауданның басым саласы ауыл шаруашылығы бағытында болғандықтан, аудан халқының 65,9% етпен, 60,1% сүтпен, 52,2% картоп тағамдарымен өзіндік өндірілген өнімдермен қамтамасыз етілуде.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арнайы наубайханалар үшін жеңілдетілген бағада 1 сұрыпты үн бөлінуіне байланысты, аудан наубайханаларында (А.Калкеева, Г.Каппарова, А.Бакирова) пісірілген бір бөлше нанның бағасы үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап дүкендерде 105 теңгеден сатылуда, – дейді.

Сала басымы аудан бойынша 2 кент, 1 ауыл 14 ауылдық округ бар. Аудандағы кент, ауыл ауылдық округ әкімдері қолдау шараларын күшейту арқылы жеке кәсіпкерлерге жер бөлініп, картоп, сәбіз, қырыққабат, қияр, қызанақ, қызылша өндіруіне қолдау көрсету керектігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, ӘМАТ тізбесіне кірмейтін азық-түлік тауарларын өндірісін ұлғайту үшін қосымша жаздық қыстық жылы-жайлар салынуы қажет.

Думан ҚАБЫЛ.

COVID-19

Саулық – сақтықта

«Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады». Аурудың қай-қайсысы болса да жақсы емес. Екі жыл бұрын әлемді өбiрге салған дерт есiгiмiздi қайта қағып тұрғандай. Елiмiз түгiлi, әлемнiң бiрқатар мемлекетi бүгiнде сақтық шараларын қолға алып, аурумен арпалысып жатқаны жасырын емес.

Соңғы деректерге сәйкес, елімізде 20 958 адам коронавирус инфекциясынан емделуде. Ведомствоаралық комиссияның таратқан мәліметі бойынша олардың ішінде 1 386 пациент стационарда, 19 572 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдап жатыр. Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдегендей, КВИ-ге шалдыққандардың арасында 32 адамның жағдайы ауыр, 12 пациенттің жағдайы өте ауыр, 7 науқас ӨЖЖ аппаратымен демалуда.

Ал, Ақтоғай ауданы көлемінде жыл басынан



56 адам COVID-19 жұқтырған. Аудандық аурухананың бас дәрігері Е.Джумажановтың бізге берген мәліметтеріне сәйкес, коронавирусқа қарсы вакцинацияның толық курсы алғандар саны – 8178 адам. Яғни, вакцинацияның бірінші компонентімен тұрғындардың 77%-ы қамтылған.

Ревакцинацияға келсек, былтырғы алғашқы ревакцинация кезінде 3016 адам ревакцинация алды. Ал, 25 мамырдан басталған қайта ревакцинациялау барысында 218 адам егілді. Сонымен қатар, вакцинация мен ревакцинация алуда еш шектеу жоқ. Кез келген адам ала алады.

Дәрігерлер аурудың асқынуынан вакцинация мен ревакцинация ғана қорғайды дейді. Сондықтан, вакцинацияның толық курсы алу, ал, жарты жылдан кейін ревакцинация алу қажеттілігін алға тартады. Сонымен қатар, сала мамандары сақтық шараларын сақтауға шақырады. Қолды зарарсыздандырып отыру, әлеуметтік қашықтықты сақтау, көпшілік жиналатын жерлерге бармауға үндейді.

Д.Бақыш.



детьми разных возрастов. Поэтому вторым этапом работы Фонда стал запуск в 2016 году направления Агентство по Усыновлению, миссия которого – профессиональная подготовка, сопровождение приемных семей и развитие культуры усыновления в

Фонда выделили 100 млн. тенге на реализацию пилотного проекта, направленного на поддержку приемных родителей, готовых взять таких особенных детей. В рамках пилотного проекта приемным семьям будет оказана поддержка в виде:



Что сделать, чтобы предотвратить социальное сиротство в Казахстане?

Первым этапом необходимо было максимально предотвратить отказы от новорожденных детей, чтобы сократить попадание детей в детские интернатные учреждения.

Так, в мае 2013 года по инициативе Айдына Рахимбаева (главы холдинга «VI-Group») и его супруги в пилотном режиме в столице был открыт первый «Дом мамы». Место для женщин, находящихся на поздних сроках беременности и с новорожденными детьми, которые оказались в сложной жизненной ситуации.

Идея социального проекта Дом Мамы, вызвала широкий общественный резонанс и к семье Рахимбаевых присоединились многие казахстанские бизнесмены. Они стали меценатами проекта.

В декабре 2013 года началась совместная работа известных предпринимателей Казахстана по открытию кризисных центров для молодых мам «Дом Мамы» по всей стране. Тогда же инициатива обрела реальные формы и был зарегистрирован Общественный Фонд «АНА ҮЙІ».

Общественный фонд «АНА ҮЙІ» (далее – Фонд) – благотворительный фонд, который уже более 9 лет осуществляет свою деятельность с целью профилактики социального сиротства и уменьшения количества детей, ежегодно попадающих в детские дома.

Фонд работает для благополучия детей и общества, где мир ребенка будет счастливым.

В настоящее время в Фонде действуют три основных направления:

1. Дом мамы
2. Агентство по усыновлению
3. Балажан

Дома мамы оказывают помощь матерям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации с новорожденным ребенком на руках. Цель «Дом мамы» – предотвращение отказа матери от малыша и сохранение ребенка в кровной семье. Сегодня Фондом открыты и действуют 21 Домов мамы в 18 городах Казахстана.

«Дом Мамы» предлагает женщинам жилье, питание, медицинское обслуживание, все необходимое для жизни в условиях, максимально приближенных к домашним на срок до 6 месяцев. С подопечными работают специалисты, которые помогают ей преодолеть кризис, поверить в свои силы и стать уверенной и ответственной мамой для ребенка.

За 9 лет работы Домов мамы более 5700 женщин получили своевременную адресную социальную помощь от фонда, а их дети не попали в детские дома, а остались в семьях.

За время работы, проект «Дом мамы» показал свою актуальность и эффективность. Сегодня «Дом мамы» предотвращает 69% потенциальных отказов матерей от своих новорожденных детей в стране (*данные на 1 июля 2022 г.). Однако это недостаточно для решения проблемы сиротства в Казахстане. Детские дома продолжают пополняться

Казахстанском обществе.

В 17 городах Казахстана действуют кабинеты консультирования. Специалисты фонда оказывают консультационную помощь гражданам (семьям), желающим принять в их семьи детей из детских домов и домов ребенка. Психологи ведут подготовку потенциальных усыновителей в Школах приемных родителей, где они получают ценные знания о возрастной психологии, о налаживании контакта с приемным ребенком и мягкой адаптации всей семьи к новым переменам.

Для всех, кто решился на столь ответственный шаг необходимо обязательно прохождение Школы приемных родителей (далее – ШПР).

Цель ШПР – подготовить родителей к приему ребенка из детского дома, дать всю необходимую информацию, обучить навыкам, помочь найти ответы на важные вопросы, понять собственные возможности и ограничения, осознать готовность стать приемными родителями.

В ходе прохождения ШПР кандидаты получают – понимание специфических особенностей и потребностей приемного ребенка; осознание своих способностей и возможностей как приемного родителя; понимание того какого ребенка они могли бы принять в семью, и какая форма устройств подходит.

В сфере устройства детей очень важен комплексный подход. Не просто обучил кандидата, но и сопроводить его столько сколько потребуется. Поэтому, обязательным направлением в нашей работе является сопровождение приемной семьи. Из опыта работы мы знаем, что после того как ребенок приходит в семью, начинается самый сложный этап – адаптация. В это время очень важно профессиональное сопровождение семьи психологом и специалистом по социальной работе.

Сопровождение имеет различные формы – это и посещение семьи, встречи со специалистами, психологическое консультирование и т.д. Сопровождение необходимо как мера профилактики вторичного возврата.

В семье у ребенка из детского дома начинается распаковка его травм. Как говорят наши психологи после окончания «медового месяца», это как правило через месяц, два, три практически во всех семьях начинается так называемая «притирка». И тогда приемным семьям нужна поддержка и помощь. Наши психологи стремятся помочь каждой семье.

На сегодняшний день при содействии Национального агентства по усыновлению было устроено 1640 детей в казахстанские семьи. (*данные на 1 июля 2022 г.).

Но к сожалению, еще порядка 5 000 детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, ждут своих родителей в детских домах. В их числе и дети с ограниченными возможностями здоровья и разными видами нарушений.

И чтобы решить это вопрос, попечители

– оплаты медицинской реабилитации и коррекции детей;

– оплаты опербельного лечения детей, в случае необходимости;

– предоставления адресной финансовой помощи

Все услуги Агентства по усыновлению оказываются гражданам бесплатно.

По вопросам семейного устройства детей можно обратиться, позвонив на единый республиканский call-center 1422 (звонок по Казахстану бесплатный).

Международный опыт говорит, что только в семье проходит полноценная

с каждым ребенком. Проект «Балажан» предлагает уменьшение количества детей в группе до 8.

Международный опыт подобного реформирования учреждений показывает, что условия проживания детей в учреждениях, приближенных к семейным способствуют – естественному переходу большего числа детей в семьи; более легкому и быстрому процессу адаптации детей в семьях; снижению риска вторичных возвратов.

На сегодняшний день в проекте «Балажан» участвуют семь учреждений:



подготовка ребенка к самостоятельной жизни, только семья дает ребенку модель и ценность семьи, только семья дает полноценную поддержку молодому человеку, когда он выходит в самостоятельную жизнь.

Именно поэтому Фонд запустил программу трансформации детских интернатных учреждений «Балажан»

Цель проекта – переориентировать сотрудников учреждений с содержания детей в учреждениях на содействие семейному устройству, через подготовку детей к переходу в семью.

Основная идея проекта – трансформировать детские дома в Центры Поддержки Детей и Семьи (ЦПДС) дома ребенка в Центры Медико-Социальной Реабилитации (ЦМСР)

Дети в интернатных учреждениях, как правило – это дети, находящиеся в состоянии горя и потери родителей, дети, пережившие пренебрежение и жестокое обращение, дети с нарушенной привязанностью. Проект «Балажан» нацелен на создание терапевтических условий в учреждениях через обучение персонала компетенциям «близкого взрослого» (чувствительностью, отзывчивостью, эмоциональной и физической доступностью, следованием за инициативой ребенка и др.), техникам и технологиям реабилитации и поддержки детей.

Необходимо чтобы у воспитателя было время на каждого ребенка – поддержать его, выслушать, посочувствовать. Сегодня в группах находятся от 12 до 15 детей, и у воспитателя объективно нет времени на индивидуальную работу

ГКУ «Специализированный дом ребенка» акимата г.Нур-Султан;

ГУ «Щучинский дом ребенка»;

КГУ «Детский дом №1 для детей-сирот, оставшихся без попечения родителей» в г.Акколь;

КГУ «Специальный комплекс «детский сад-школа-интернат» с.Урюпинка;

КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг г.Кокшетау»;

КГУ «Кушумский центр оказания специальных социальных услуг управления координации занятости и социальных программ Западно-Казахстанской области»;

ГУ «Областной специализированный дом ребенка «Мейрім» Западно-Казахстанской области

В новом формате уже полностью работают «Специализированный дом ребенка» акимата города Нур-Султан, «Щучинский дом ребенка»: все группы работают по модели «Как дома» с воспитателями-«близкими взрослыми».

Есть дневная группа для детей из семей в тяжелой жизненной ситуации, дневная реабилитационная группа для детей с особыми потребностями.

В КГУ «Детский дом №1 для детей-сирот, оставшихся без попечения родителей» в г.Акколь, КГУ «Специальный комплекс «детский сад-школа-интернат» с.Урюпинка, КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг г.Кокшетау» – открыты первые экспериментальные группы с количеством детей – не более 8-ми и двумя воспитателями – «близкими взрослыми».

«Ана Үйі» қоғамдық қоры.

Еңбек адамы



Ауданымыздың негізгі ұстанған бағыты ауыл шаруашылығы болғанымен де, халықтың сұранысын қанағаттандырып, қажетін ашып отырған саудасаттық саласы қабат дамып келеді. Тұрғындар осы күні бұрынғыдай табан тоздырып, қалаға қатынамайды. Керегін ауыл дүкендерінен, болмаса аудан

Экономика дегеніміз – ауқымы өте кең ұғым. Руханияттан гөрі дүниеяуи құндылықтардың бәсі басым болған қазіргі капиталистік қоғамда экономика саласы өзге салалардан бір саты биік тұр. Қай ел болса да басқасын ысырып қойып, бірінші кезекке экономиканы қояды. Бұл – түсіндіруді қажет етпейтін аксиома. Еліміздегі экономиканың негізін ірі кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес құрайды. Бізде атағынан ат үркетін «ҚазақМыс», «Арселор Миттал», «БалқашМыс» және «Тенгиз» секілді күніне бәленбай мың ишкізат шығарып, шетелдерге экспорттайтын, экономикамыздың ұстынына айналған алпауыт өндіріс ошақтары бар. Олар жайлы айтар әңгіме өз алдына бір бөлек.

Бұдан тысқары ішінара бәсекеге қабілеттілікті арттырып, ішкі нарықты бекемдеуде септігі зор шағын және орта бизнес тұрғысындағы әңгіме бір басқа. Кейінгі жылдары жоғарыда аталған бизнес өкілдеріне билік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Оған күн санап қатары артып келе жатқан сауда орындары жанды дәлел.

Еңбек түбі – береке

орталығынан табады. «Көп жүре түзеледі» деген тәмсіл бар емес пе?! Қазір аудандағы сауда ошақтарында құрылысқа қажетті құрылғылар, автобөлшектер, үй-жайға арналған жиһаздың неше атасы, азық-түлік, киім-кешек, қысқасы, жанға керектінің бәрі бар.

Бұрынырақта жеміс-жидек, көкөніс дегеннен алма, алмұрт, жүзім, қауын, қарбыз және қызанақ пен қияр секілді табиғаттың қолайлылығына байланысты тек өз елімізде өсетін өсімдіктердің дәмін татып жүруші едік. Ал, қазір кезінде қол жетпейтін тропикалық жемістерді де дастархан басынан көре аламыз. Ақтоғай ауылындағы көшенің қақ ортасынан орын тепкен «Ділде» дүкені жеміс-жидек, көкөніс дегеннің неше атасын саудалайды. Былтыр ғана қоныс аударған дүкеннің бүгінде тұтынушысы көп.

Сәрсенбінің сәтті күнінде Сауда қызметкерлерінің күні қарсаңында дүкен иесі Барқыт Байзаққызымен жүздесудің сәті түсті. Жұмыс аяқталып, ел үйді-үйіне қайтпас бұрын қажетін жол-жөнекей ала кету үшін дүкеннен дүкенге сабылып жатқан шақ. Сауданың да нағыз қызатын кезі. Біз де көшпен бірге аяндап, «Ділде» шағынмаркетіне бардық. Дүкен үлкенді-кішілі екі бөлмеден тұрады екен. Кіреберіс бөлме ішіп-жемге қажетті азық-түлік атаулыға сықап толып тұр. Құстың сүтінен өзгенің бәрі бар. Ал, арғы бөлмеден уылжып піскен жеміс-жидектің танауды жаратын хош иісі шығады. Ары-бері сабылысқан, ығы-жығы жұрт. Содан қыбын тауып, Барқыт Байзаққызымен тілдестік. Мереке қарсаңында арнайы келгенімізді айтып, мән-жайды түсіндірдік. Кейіпкеріміз де адам аламайтын ақ пейіл жан екен, бірден келісіп, сұхбаттаса кеттік.

– Мен 1977 жылы 2 шілде күні ауданымызға қарасты Сәуле ауылында өмірге келдім. Ол кезде «Қоңырат» кеңшары дейді ғой. Қайырылып келмейтін балдәурен



балалық шағым да сол ауылда өтті. Қазіргі Қ.Нұржанов атындағы мектепте білім нәріне сусындап, кейін кішкене күнімнен көкейде маздаған бала күнгі арманымның соңынан ілесіп, үлкен шаһарға аттандым. Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірегейі, осы уақытқа дейін екі тізгін, бір шылбырды қолға ұстап жүрген талай мықты азаматтардың балақ бауын кесіп, томағасын сыпырған Е.Бөкетов атындағы университетіне география мамандығына жоғарғы оқуға түстім. Ай аунап, жылдар жылжып өтіп жатты. Араға төрт жыл салып, қызығы мен шыжығы қатар жүретін, адам өмірінің ең бір қызықты шағына баланатын студенттік өмірді де тәмамдап шықтым. Алайда, мен күректен дипломды қолыма алған соң, өз мамандығым бойынша жұмыс жасаған жоқпын. Тағдырдың сан тараулы жолы мені қазір өзім айналысып жүрген сауда саласына иіріп әкелді. Бүгінде өткенге көз жүгіртіп қарап отырсам, осы саланың төңірегінде жүргеніме аттай он бес жыл болыпты. Бүгінде күпірлігім емес, шүкірлігім,

біреуден кейін, біреуден ілгері кәсібімнің нәсібін көріп отырған жанмын. Бұл ғимаратқа былтыр ғана ауысқанбыз. Бұған дейін «Қазпошта» бөлімшесінің іргесіндегі нысанда саудаладық. Қазіргі уақытта қос қанатым секілді Роза апайым мен Сұлушаш есімді сінділ жұмыс жасайды. Тауар тасымалдауға қалаға жол жүргенде, яки басқа шаруалармен сапарға шыға қалсам, кәсібімді дөңгелететін де сол кісілер. Біз азық-түлік, жеміс-жидекті қаладан,

Қарағанды шәрінен әкелеміз. Бағаны нарықтағы бағаға шығып, халықтың қалтасына салмақ салмайтындай етіп қоямыз. Себебі, біздің саудамыздың алға қарай ілгерілеуі де сол көпшілікке тікелей байланысты. Қолға барға қанағат қыла білген абзал. Дана қазаққа «Бұйырған кетпейді, құған жетпейді» деген тәмсіл бар емес пе?! Әсілінде, куллі әлемді жаратқан Хақ Тағаланың өзі «Тәубе десен маған, тағы беремін саған» деген ғой, – деп, Барқыт апамыз сөзін көшелі оймен түйді.

«Адамды түсіне қарап таныма, ісіне қарап таны» дейді. Өзі біртоға, сөзі кесек Барқыт Байзаққызының ісіне қарап, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, «ой жеткен жерге, қол жеткізбей қоймайды» деп бағалауға болады. Кейіпкеріміз екіншісі бірі, егіздің сыңары, тіпті анау-мынау ер-азамат арқалай алмайтын жүкті көтеріп жүр десек, артық айтқанымыз емес. Қалай десек те, күн-түн еткен еңбегінің, төккен мандай терінің жемісін көріп отырған жан. «Еңбек түбі – береке» деген осы.

Е.АЙТЖАН.

Көрпетай – құт қонған мекен

(Соңы. Басы 4-бетте).

Йынша дүркін-дүркін бірнеше колхоздарда басшылық қызметтер атқарған Шайқас, Адамбай, Бактыбек, Анарбектер үзгенісі ырысты арда тұлғалар. Қасиетті қара дүкенде көрік басып, болат темірді сымша иіп, балқытып, түрен соққан хас шебер ұсталар Қанапия мен Сағатбек, Тілуқабылдар – алтын қолды әкелер. Ат үстінде жүріп, малдың жайың, елдің қамын ойлап, шаруашылықтың аса жауапты тізгіндерін бекем ұстап, жоғарғы басшылықтың да тынысын тауып, қарапайым бұқараның да жағдайын шешіп, қоғамның мүддесін қорғап, мемлекет меншігін де түгендеп, ауыл шаруашылығының білгір жетекшілері атанған: Кәукербек, Қазанғап, Сейілбек, Қоянбай, Нұрымжан, Әбәзар, Айғали, Медәу, Өмірбек, Аманбай, Қуаныштар төзімі шалғының жүзінде шындалған азаматтар. Ақ түтек боранда ат жалында қалғып, қар жастанып, мұз кешіп, малдың жайылымымен бірге қостап, жұрт аударып көшіп-қонып, қыл күйрықтылардай қайсар мінезбен қасқайып, қарсы тұрып еңбек еткен жылқышылар: Мұсахан, мән Қайдарлар, Аман мен Аманжолдар құрығы күтқа айналған Қамбар аталар. Төрт түліктің негізгі тұғырын құраған қой мен сиыр малын төлінен өсіріп көбейтуде бейнетті де, зейнетті де көп көрген аға шопан, бақташылар мен ат үстінде жүріп үлесін қосқандар, қолдарына қайла мен күрек, айыр мен балға, орақ пен шалғы ұстағандар: Кернейбек, Ақылжан, Жүнісбек, Рақымберлі, Сауғабек, Жамбосын, Мұстафа, Жақылбай, Әркен, Әжікей, Қазыкей, Аманбай, Адамбай, Тәлеубай, Тоқмағанбет, Кежебек, Шайхы, Жекей, Айтмағанбет, Жаңабек, Шағалам, Мұқан, Иманбек, Шәрет, Мұқышбек, Сисабек, Мақсұтбек, Сайлаубек, Құдуақас, Жасыбай, Қабдолла, Еркебай, Әбіл Темән, Түсіпбай, Тілужан, түліктері күзде шелді, көктемде төлді болған еңбегі ерц, алды берекелі ел қалаулылары. Ислам елшілеріндей болған кожа, молдалар: Қабыз, Дәрібек, Маймыш, Жазыбектер, тәуіп Егімбай мен Қарамәде бабаның құтты шаңырағының қасиетті маңдайшасын киелі мұра тұтып сақтаған Асқолтайлар–ел құрметтілері. Темір тұлпарды тізгіндеп мініп, ауыл дәулетін тасытқан: Тәжі, Танқең, Балықбай, Шәкітай, Қасымбек, Өмә, Дінғабыл, Шабанбай, Бегетай, Өмірғалылар нағыз құрыш қолды азаматтар. Кішкентай ауылдан ат жалын тартып мініп, өз талаптарымен өрмелеп те, өрлеп те ұзап шығып, әр жерде, әртүрлі салада қызмет жасағандар: Әбдіраш, Шаймәң, Қапыш, Ыбырайқыс, Ғалым, Зияда, Сәкібай, Қалтай, Әдібек, Мұқатбек, Қайыр, Бердіғали, Есең, Шахан, Мейірман, Өмірғазылар Көрпетайда туып-өсіп, осы жерлерде алғашқы мектеп табалдырығын аттап, еңбекке араласып, ауылда орнығып, қанағтанып, әр тарапқа аттанып, абырой арқалаған, туған ауылдың айбынына айналып, ата жолын ұстанған қамқор тұтар ағалар, тірек болар бауырлар. Ал, әрқайсысының қабілеті мен таланты, өнерімен танылған жерлестеріміз Шәмши, Жайлау, Әшембек, Төлеуғазы, Нұргүл, Дәуренбектер –сахна жұлдыздары. Жердің шетінде, желдің өтінде жатса да, өтпелі кезеннің аумалы-төкпелі ауырталығы қыспаққа алып, нарықтық құрылым тыныстарын тарылтқанда да, үдере көшкен ел-жұрттан бөлініп қалып, күл төккен жұртын иесіз, ата-баба мазарларын ессіз қалдырмай, қарашанырақтан түлеген түнліктерінің түгіндерін биікке ұшырып, отарлаған түліктерін өсіріп, ауылдың айбары болған Саят, Әділ, Серікбай, Қабыл, Жансеріктердің кеңестік кезіндегі «Чапаев» колхозының күні бүгінге дейін жеткен сарқытын сақтап, Көрпетай ауылы атандырып отырған азаматтықтары баршаымыздың көңілімізге мақтаныш сөнімін ұялатады.

Тұңғышбай Мұқан,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

Жазушы, ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

– Ал, Аманкелді, Нарекен жинағын әзірлепті деп естідім, мүмкін болса, сол қолжазбамен танысқаным жөн болар еді. Тәбәріктей бағалы мұра ғой, – деп қиыла сұрады. Нарекен қолжазбасының кітаптық нұсқасы Қазақ Ұлттық Университетінің «Өркен» баспасында жатқанын айттым. Ол:

– Көшірмесі қалмады ма? – деді.
– Бар, бірақ Түрсекеңнің (Көкішев) рұқсатынсыз бере алмаймын ғой. Құрастырушы ретінде белгіленген. Жинақтың жарыққа шығуына бас-көз болам деген аға, естісе ренжір, – дедім.

– Иә, иә, жарыққа шықпаған шығармаларды келісімінсіз әркімге бере беруге болмайды ғой, оны түсінемін, – деді.

Мәдениет үйінің залында иә шаншар

шығармашылық жолымен таныс болу қажет. Сөйлеуші адамға да өріс, толғам, талғам қажет. Әйтпесе, «Қозы-Көрпешті жырлай алмаған, былған аладының» керіне кезігуіміз мүмкін.

Сондықтан, мен ауылдың қарапайым көп тұрғындарының бірі оқырман, естірмен, көрермен ретінде екі ағаммен бірге тұстасым Ахаң жайлы қысқа ғана аннотациялық анықтамалармен шектелмекпін.

«Адам және қара жер, көк аспан тұрақты, қалғанының бәрі сайқал саясат». «Сөз бен әйел көбіне алдайды, – екеуі де сайтан. Сурет пен музыка шынышыл – Тәңір бізбен осы тілде сөйлеседі» – деген даналық анықтамалар бүгін арамызда отырған асқарлы Сахи және Илия ағаларымызға арналып айтылғандай.

анықтаманы замандасымыз Ахаңа, Ақселеуге арнаған ләзім. Ақаңмен мен сонау 60-ыншы жылдардың соңы мен 70-інші жылдың басы ма, әйтеуір «Жалын» журналында жарияланған «Күзеуде» атты повесі және «Жұлдыз» журналында басылған «Аққызындағы» хикаяты арқылы таныстыпты.

Жазушы Ақаң кейін сала жоғарыда келтірген Адам-Қоғам-Табиғат арасындағы заңдылықтарды игеруге ойысты.

«Күмбір-күмбір археологиялық, этнографиялық, тарихи деректерді сүзген



АЛАШТЫҢ АБЫЗЫ

(Естелік-эссе)

орын жоқ. Мерекелік мәжілісті ашып, суретшінің өмір жолы мен шығармашылық тармақтары жайлы қысқаша толғам білдірген аудан әкімі Сағадат Жапабайұлының сөзінен кейін жылы лебіз білдіргендер біріннен соң бірі шығып, қайталанбайтын тарлан тұлға ағамызға ақ тілектерін арнады. Ере келген қонақтар да ықылас пейілдерін нақтылы деректермен толықтырып, ұлы суретшінің мол мұраларының ерекшеліктеріне тоқталды. Одан соң мен де бірер ауыз лебіз білдірдім. Құдай ондап, сондағы қысқаша келтірген тілектерімнің көшірмесінің бір данасы «бокшамнан» табылғанына қатты қуандым. Өйткені, сол жазбадағы деректі дүние бүгінгі күні тарихқа айналып отыр ғой. Той несі Сахи аға болғанымен, келген үш қонақтың үшеуінің де рухы мен ішкі әлемдерінің байланыстарының тұтастығына орай ортақ пікір айтып, әрқайсысына өзімше баға бергенмін. Енді сол 1997 жылдың 8 қаңтарындағы дерек сөйлесін.

– Құрметті халайық! Бүгінгі осынау мәдениет үйінің төрінде отырған қонақтарды, яғни Сахи аға бастап келген топты – дарындар тобы, ұлы тұлғалар тобы деп айтсам, қателесе қоймаспын. Өйткені, бұл дарындардың қай-қайсысы болсын елі үшін, елінің рухани мәдениетін молықтыру үшін әртүрлі салада, әртүрлі бағытта еңбек етіп келген ел ағалары, айтулы перзенттер.

Ұлы дарындар туралы, олардың ел-қоғам алдындағы азаматтық-адамилық міндет-парыздарын қалай атқарғанын, келер ұрпаққа қандай мұра қалдырғанын қысқа сөзбен салиқалы пікір арқылы түйіндеп келтіру – қиынның қиыны. Жан-жақты пікір білдіріп, ой түйіндеу үшін бірінші, олардың бүкіл

Өйткені, Сахи ағамыздың туындыларынан жоғарыдағы үш мәңгілік ұғымдарды: адам, қара жер, көк аспанды көреміз. Көз арқылы сәулеленіп жететін көріністерді ішкі ой санамызға қабылдап тұрақтандырамыз. Яғни, ішкі үнсіздік арқылы Тәңірге табынғандай, тәу етеміз. Сахи аға, сіздің шығармаларыңыздың, шығармашылық жолыңыздың ерекшеліктері осында болса керек.

Құрметті Сахи аға! Төл топырағыңызды ұмытпай, жасыңыз 70-ке келсе де, туған ел бауыр-жерлеріңізді жатсыратпай, балалық-перзенттік махаббатпен аналық құшаққа құлай ұмтылғаныңыз үшін рахмет айтамын! Қартаймаңыз, халқыңызбен бірге жасаңыз!

Илия аға, сізді бүгінгі Қазақ елі, бұрынғы СССР, қазіргі ТМД деп аталып жүрген мемлекеттердің біразы, өнер сүйер қауымы сазгер-композитор, яғни, Ахметше айтсақ – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнерінің маманы ретінде танып біледі.

Елімізде өзіңіз теңдес сазгер-композитор көп болғанымен, олардан өзгеше ерекшелігіңіз – сіз тарихшысыз, музыка тарихын, оны тудырған ұлы тұлғаларды зерттеп, зерделеп, халық игілігіне айналдырдыңыз. Бұл – өлгенді тірілтіп, өшкенді жаңғыртумен пара-пар құбылыс.

Осы игілікті істе, жалпы шығармашылық жолыңызға табыс тілеймін. Халықпен, халық мұрасымен байланысыңыз бұрынғыдан да тереңдей бергей!

«Ұлылық – адам, қоғам және табиғат арасындағы заңдылықтарды терең түсіну» делінетін болса, бұл

зерттеу еңбектері арқылы ғалым, тарихшы, этнограф атанды. Серік Ақсұңқарұлына айтсақ, «Алаштың Ақселеуі» дәрежесіне көтерілді.

Ахаң көне тарихымыздың «Мық» дәуіріндегі ескерткіштерін, сол ескерткіш бетіне бәдізделіп бедерленген сызба-суретті бейнелерді, сымтастарды сөйлетіп шежіреші атанды.

Ахаң ұлттық ерекшелігімізді айқындаудың бір парасы – кәсіптік, тұрмыс-тіршіліктік, күнкөрістік заттардың ұмытылып бара жатқандарын іздеп тауып, оларды қолдану тәсілдерін зерделеді. Өзі осы саланың зергері атанды. Ахаң осы еңбегі үшін ұлттық ерекшелігімізді қалыптастыруға арналған әліпбиіміздің авторының бірінен саналуы тиіс. Өйткені, бүгінгі жас буын, мектеп оқушылары, келер ұрпақ түрлі кәсіптік атамұра жолдары мен Адам-Қоғам-Табиғат арасындағы байланыстарды, олардың жұмбақ сырларын Ахаңның осы әліпбиі арқылы қабылдап, таным-түсінігін кеңейтуі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат болса керек.

Ахаңды сараптал сыныш ретінде Сәбеннің, Сәбит Мұқановтың 90 жылдық мерекесі кезіндегі зерделі еңбектері арқылы таныдық. Демократия жолымен абзал ағаларымыз Сәкен, Сәбит, т.б. тіпті кеше ғана 150 жылдығын атап өткен жыр алыбы Жамбыл атамыз да төңкерістің, коммунистік құрылыстың жаршысы болды делінді. Ендігі жерде осындай адамдардың есімдері егеменді еліміздің ардақтылары қатарынан орын ала алар ма екен деген күмәнді пікірлердің туа бастағаны да анық еді. Жоғарыдағы алыптардың жаңа социалистік қоғамды орнатуға, оны нығайтып, орнықтыруға арналған

еңбектері болғанын ешкім де өтірік дей алмайды. Пенде – замана құлы. Бұл – тарих. Бірақ, тарихты ешкім сотқа тарта алмайды. Оны қараламау керек, оны тек түсінуге тырысу қажет.

Ахаң осы тұрғыда Сәбенді тарих қателігінен арашалап, кәдімгі Сәбит Мұқанов қатарына қосып, ақтап алды. Бұл ақтау кейін сала төңкерістің, оның жемісін мадақтағандарды да тарихи тұрғыда бағалауымызға, қайыра тануымызға бастау болды деп айта аламын.

Ахаңның елімен, жерімен бірге болғанын, қоғамының ұлы денесін жайлаған тоталитарлық, империялық індетке иштей қарсылығын айғақтайтын күнделіктеріндегі Нысан Абыздың зарындай:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтып күн көрер. Аяғы жоқ, қолы жоқ, Жылан қайтып күн көрер», – деген сырлы да мұңды жолдары арқылы білеміз. Аталған күнделіктерімен танысқан соң «Ақселеу заманымыздың Абызы екен-ау» деп ой түйдім.

Құрметті Аха! Зерттеушілік, жазушылық, өнерпаздық жолыңызға жемісті еңбек тілеймін. Сіз 55 жастық гүмбрыңызда «Алаштың Абызы, Ақселеу – Абыз» дәрежесіне көтерілдіңіз. Абыз – ұлағатты да ұлы есім. Ол – әулие, дана батағой, халық қамқоршысы.

Осы ұлағатты ұлы есім арқылы келер ұрпақ жасадында жаңғырарыңызға өз басым кәміл сенемін.

08.01.1997 ж.

(Жалғасы 7-бетте).



Тілі байдың – ойы бай

«Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген қанатты сөз тегін айтылмаған. «Қазақтығымызды сақтағымыз келсе, тілімізді сақтауымыз керек» деген қағида айшықталады. Қазақ тілі деген сөз – Қазақ елі деген сөз. Қазақ тілінің мәселесін қалай шешсек, даму бағытымыз да солай болмақ.

Байтақ далада өмірге келген қазақтың тілі – талай қысым мен сындардан өткен тіл. Соған қарамастан өзінің ұзақ тарихында сұрыпталып өсіп, дамып келеді. Оның сонау заманнан бері бай тілдердің қатарынан орын алып келгені тарихтан белгілі. Тілді қадірлей білу, тіл мәртебесін өсіре білу – ұлттық парыз. Бұл істі ұқыпты ұйымдастырып, жұмыла қолға алсақ, тілдің мәдениетін заманның талабына сай жан-жақты көтеруге мүмкіндік жетерлік. Тіл байлығы – ой байлығының көрінісі. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен дарып, бойға тарайды. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі – өрлігінде,

орасан зор байлығында.

Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де бейнелі тілдердің бірі. Егемен еліміздің тұғыры қашанда тіліменен биік. Тіл – халықтың жаны, сөні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Демек, әрбір адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиіс және оның орынсыз шұбарлануына жол бермеу қажет. Тіліміздің қанатын кеңге жайып, дамуына үлес қосатын, ана тілін арындай қастерлейтін, оның телегей-теңіз байлығын болашаққа жалғастыратын – ұрпақ!

Біздің ана тіліміз – шексіз бай, тегеуріні мықты тіл. Қазақ тілінің беделін көтеру, қадірлеу, қастерлеу – біздің азаматтық борышымыз. Тіл – байлығымыз, тарихымыз, мәдениетіміз, әдебиетіміз. Тіл мерейі – ел мерейі. Ана тіліміздің мерейі үстем бола берсін!

**Н.Рахымжанова,
Құсақ ауылдық округі.**

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, бірімізге аяулы жар, бірімізге асқар таудай әке, енді бірімізге сүйікті ата **Омарбеков Түсіпбай Сейдіғалиұлы** 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің алға жылжып кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
70 жастың құтты болсын белесі.
Балаларың басындағы бағыңыз,
Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз.
Өзіңізді мәпелеген, баптаған,
Аман болсын анамыздай жарыңыз.
Осы өңірде кең керілген кереген,
Еңбегіңмен еселенген берекен.
Атасының амандығын тілейді,
Ерке, төнетек, ақпейілді нөмерен.
Ардақтайды ақсақал деп халқың да,
Біз секілді ұрпағың да артыңда.
Сексенге де, тоқсанға да жетіңіз,
Дәл осындай мейірімді қалпыңда.

**Ақ тілекпен: анамыз – Айтжан, балалары,
немерелері.**



Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«АК Алтыналмас» АҚ «Қарағанды облысында 2022-2024 жылдарға арналған "Итбас" әктасты барлау жоспарына» бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Көпшілік талқылау ecoportal.kz сайтында 08.08.2022 және 12.08.2022 аралығында өтеді. Жобалық материалдар БЭП порталында 5 жұмыс күндері ішінде қолжетімді болады. Мүдделі жұртшылықты қоғамдық талқылауларға қатысуды сұраймыз.

Жобалық құжаттамаға Тапсырыс беруші – «АК Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Республика алаңы, 31 ғимарат.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс. тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic/Index?kind=5&oblast=47157&begin=08/08/2022&end=12/08/2022>

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(-лері): info@ecoexpert.kz; svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz; 8 (7212) 42-56-17.

АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале (ЕЭП) по Разделу Охраны окружающей среды (РООС) к «Плану разведки проявления известняка «Итбас» в Карагандинской области на 2022-2024 гг».

Публичные обсуждения будут проходить на сайте ecoportal.kz в период с 08.08.2022 по 12.08.2022 года. Проектные материалы будут доступны в течении 5 рабочих дней на портале ЕЭП. Заявитель заинтересованную общественность просим принять участие в публичных обсуждениях.

Заказчик проектной документации – АО «АК Алтыналмас». БИН 950640000810. Юридический адрес: Республика Казахстан, г.Алматы, Бостандыкский район, пл. Республики, 15.

Разработчик проектной документации – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Лободы, строение 40. Тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic/Index?kind=5&oblast=47157&begin=08/08/2022&end=12/08/2022>

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которому можно получить дополнительную информацию: info@ecoexpert.kz; svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz; 8 (7212) 42-56-17.



Құттықтаймыз!

Қуаныш ауылының тұрғыны, құрметті ағамыз **Хабибола (Қожа) Сейсенбайұлы!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күнінізбен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, қажымас қажыр-қайрат пен мол бақ-береке тілейміз. Әрқашанда өміріңіз көктемдей жарқын, жаздай жылы, күндей шуақты болсын. Әрдайым отбасыңыздың ақылшысы, балаларыңыздың қамқоршысы, жақындарыңыз бен туғандарыңыздың жанашыры болып жүре беріңіз. Алдағы уақытта балаларыңыздың қызық-қуанышына кенеліп, жора-жолдас, туған-туыстың ыстық ықыласына бөленіп, ортамызда беделді де абыройлы болып жүре беруіңізге тілектеспіз.

Ағамыздың 50 жасы құтты болсын, Қуаныш пен шаттыққа орта толсын. Денсаулығыңыз мықты болып, ұзақ жасап, Шаңырағыңыз бақыт пен құтқа толсын.

Ізгі тілекпен: қарындасы – Айнагүл-Сәкен, жиендері – Шалқарбек-Альбина, Радимир-Нұрайым, Зенур, Балғынбек, Назерке, Акерке, Айтбек, Аймерей.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Редактор үшін: **Д.Қабыл**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 950 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

